Көбінесе «дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Бұл контексте болашақ мұғалімді жанашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз.

Жанашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

– оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау;

– күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

– өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

– ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);

– оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;

– тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

– ата-аналармен ынтымақтастық құру;

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

– өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;

– оқушы дарындылығының моделін білу;

– қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;

– дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;

– дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойлатын талаптар:

– дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;

– дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;

– оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;

– дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;

– дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;

– дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Сондай-ақ, дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби «бейнес» мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» – дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту үшін, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Бастауыш сынып оқушының тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Әдебиеттер

1. Тұрғынбаева Б.А. *Ұстаздық шығармашылық* / Б.А. Тұрғынбаева . – Алматы: Ана тілі, 2007.
2. Әбденбекқызы Ә. *Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту* / Ә. Әбденбекқызы. – Алматы: Рауан, 2003.
3. Атыманова Қ.Ж. *Балалрдың шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары мен іс-әрекет бағыттары* / Қ.Ж. Атыманова // *Бастауыш мектеп*. – 2007. – №5.

Развитие творческих способностей учащихся на уроках казахского языка

С. Тохтар
студент ПМНО-31, Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются пути развития творческих способностей учащихся. Наряду с этим представлены задания творческого характера.

Ключевые слова: научные исследования, творческая работа, достижения, стремление, современная технология.

Development of creative abilities of students at lessons of the Kazakh language

S. Toktar
Student PMNO-31g, Pavlodar State Pedagogical Institute,
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article describes the development of creative abilities of students . Futhermore, this task presents a creative nature.

Keywords: research, creative work, achievement, aspiration, modern technology.

УДК 397.7

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ОЙЫН
КОМПОНЕНТТЕРІ*****А.Ш. Тлеулесова***

*педагогика ғылымдарының кандидаты, ПМПИ доценті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
Павлодар, Қазақстан*

Ұ.Е. Октябрь

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
БОПжӘ -31 тобының студенті, Павлодар, Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын компоненттерін қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру.

Тірек сөздер: ойын, технологиясы, оқушылардың шығармашылығы, білім үрдісі, таным.

Ел дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын саралаған Елбасының Жолдауында білім беру саласына: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз» деп ерекше мән берілген. Алайда, жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркениет көшіне ілесе алады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік сипатымен айқындалатынын ескере келе, білім мен тәрбие беру саласының маңызы ерекше екенін мойындауымыз керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясаттың принциптерінің бірі ретінде «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған», – деп көрсетілген [1].

Ғалым А.Усова өз еңбегінде ойынның мәнін баланың дербес іс-әрекеті, айналасындағы өзгерістерді танып-білуге, белсенді әрекет етуге жол ашуы ретінде

түсіндіреді. Автордың айтуынша, «Шынайы өмірде баланың аты – бала. Өз бетінше әлі ештеңе тындырып жарытпайтын жан. Қам-қарекетсіз өмір ағысына ілесіп кете барады. Ал ойын үстінде ол бейнебір ересек адам тәрізді өз күшін сынап көреді».

Ал, Бабанский: «Ойын бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың әдісі», – деп қараған.

В. Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – деген ой айтады.

Бағалаушылық компонент балалардың оқу-танымдық іс-әрекеттің, адамгершіліктің, құндылықтың мақсатын түсініп, қабылдауымен байланысты болып келеді. Әрине, балалардың адамгершілік, құндылық түсініктерінің мән-мағынасын түсінуі күнделікті балабақшадағы ұйымдастырылатын барлық оқу-тәрбие жұмысының барысында жүзеге асырылады.

Әрекеттің бағдарлаушылық негізі дәлелді болу үшін мынадай мысал келтіруге болады. Мысалы, ойын барысында балаларға ханның, патшаның және т. б. әрекет етудің жоспарын дұрыс берсе, оны олар жеңіл меңгереді және ойында тиімді пайдаланады [3].

Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті көрініс – құбылыс. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері – ұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты, ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады.

Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды.

Ал мұғалімнің міндеті – балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын компоненттері әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Тақырыбымыздағы кілтті сөздерге байланысты анықтамаларға талдау жасадық, мысалы:

Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді,

оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыларды оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады.

Құндылық-еріктік компонент танымдық белсенділіктің нақты мақсатқа бағытталуын қамтамасыз ете отырып, зейінді шоғырландырады және ойынға эмоциялық өң береді. Демек, ойынның бұл компоненті әлеуметтік-мәдени тәжірибенің ерекше түрі ретінде жеке бағдарлауды дамытуға бағытталады.

Бағалаушылық компонент ойын нәтижесінің ойынның мақсатымен үйлесіп келуін қамтамасыз етеді. Яғни, баланың танымдық іс-әрекет барысында тиісті ақпараттарды (білім, іскерлік, дағды) жүйелі меңгеруі жатады. Сонымен қатар, бұл компонент ойын үрдісін басқаруды және өз іс-әрекетін реттеуді қамтамасыз етпек [4].

Қарастырылып отырған ойын компоненттерінің барлығы өзара бір-бірімен тығыз байланысты, оларды бір-бірінен бөлуге болмайды, өйткені бұл компоненттер ойынның құрылымын анықтайды.

Ойындарды мақсатты пайдалану мәселесі қандай да бір деңгейде бастауыш оқушыларына тәрбие беру теориясы мен оқыту тәжірибесінде шешімін тапқан.

Сабақ процесінде пайдаланатын ойындардың бірнеше түрлерін атап көрсетуге болады.

Бастауыш сыныптардың тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет.

Ойындар оқушылардың ой – өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде бастауыш сыныптарда пайдаланылатын: ойын-сабақ, ойын жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, іскерлік ойындар немесе ұлттық ойындар және тағы басқалары. Бұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Оқу үрдісінде – кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол – дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта-ықыласын еске ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын бірінші талап – оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту.

Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді:

- балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;
- білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі ізденуге қамтамасыз ету;
- ойын барысында баланың жаңа білім, білік, дағдылардың қайнар көздеріне жетуі;

– баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік, дағдыларымен сәйкес келетіндігі [5]. Ойын оқушыларға қозғау салуға, оларға түрткі болуға да бағытталған. Сабақ барысында бастауыш мектепте ойын түрлерін дұрыс қолдана білу қажет. Ойынның түзеу қызметі деп баланың тұлғалық құрылымының көрсеткішіне жағымды өзгерістер, толықтырулар енгізу түсініледі. Ойын әрекетінде бұл үрдіс басқа кездегіден гөрі неғұрлым қызықты өтеді. Бастауыш мектепте ойын түрлерінің өіндік орны ерекше,

Әдебиеттер

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2015. – 30 қараша.*
2. *ҚР білім беру туралы заңы 4-тарау білім беру мазмұны 16 бап.*
3. *Адамтаева Р.Қ. Ойын түрлері және оның ерекшеліктері / Р.Қ. Адамтаева // Бастауыш мектеп. – 2008. – №27. – 15-16 б.*
4. *Маженова Э. Воспитание школьника / Э. Маженова // Ойын технологиясын пайдаланудың маңызы. – 2014. – №1. – 23-26 б.*
5. *Смайлова А.Р. Бастауыш мектеп оқушыларына ойынды қолданудың ерекшеліктері / А.Р. Смайлова // Отбасы және балабақша. – 2015. – №3. – 9-12 б.*

Игровые компоненты на уроках казахского языка

А.Ш. Тлеулесова

кандидат педагогических наук, доцент,

Павлодарский государственный педагогический институт, Павлодар, Казахстан

У.Е. Октябрь

студент ПМНО-31, Павлодарский государственный педагогический институт,

г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассмотрены пути развития активности учащихся с использованием игровых компонентов на уроках казахского языка.

Ключевые слова: игра, технология, творчество учащихся, процесс образования, познание.

Game components on the lessons of the Kazakh language

A.S. Tleulessova

Associate professor of the Pavlodar state pedagogical institute,
Pavlodar, Kazakhstan

U. Oktyabr

Student PMNO-31g, Pavlodar State Pedagogical Institute,
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article describes the development of the activity of students using the gaming components on the lessons of Kazakh language.

Keywords: game, technology, creativity of students, the process of education, knowledge.

УДК 372. 478.1(517)

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ**

А. Хамитова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының студенті,
Павлодар қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту жолдары қарастырылған. Деңгейлік тапсырмалардың ерекшеліктері туралы айтылған. Қазіргі кезде сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлеріне жан-жақты тоқталған.

Тірек сөздер: деңгейлік тапсырмалар, әдіс-тәсілдер, шығармашылық, оқу іс-әрекеті.

Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа дамытуда ең алдымен баланы шығармашылық іс-әрекетке қатыстыру үшін қажетті жағдай туғызу қажет. Мұндай қажетті жағдай туғызуда оқу сабақтарының орны ерекше екендігі әдістемелік әдебиеттерде дәлелденген. Ғалым А. Байтұрсынұлы: «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі», – деген. Атап айтқанда: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығу», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Көрнекті психолог Л. Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал Я. Пономарев оны даму ұғымымен қатар қояды. Соңғы жылдары шығармашылық сөзімен жаңалық, бастамашылық, белсенділік ұғымдары астарлас қолданылып жүр.

Адамның өз болмысын ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талаптілеген, қабілеттерін дамыту, сол арқылы толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру – білімнің басты мақсаты. Оқушыларға жан-жақты білім беру, парасаттылық мүмкіндіктерін, жеке бас ерекшеліктерін дамыту үшін оқыту процесінде жан-жақтылау қағидасын басшылыққа ала отырып, шығармашылықты дамытуға және ұжымдық, әр деңгейде оқыту түрлерін пайдалану оқушы мен оқытушы қызметінің тығыз байланысын тудырады.

Оқушының өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысының бастамасын дамытуға және тежеуге үйрететін – мұғалім.

Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығын байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сананы дамыту және дамытуда тың жолдармен шешімдер іздестіру.

Энциклопедиялық сөздікте шығармашылық «ешқашан бұрындары болмаған жаңа сапалы нәрсені тудырушы қызмет» ретінде қарастырылған. Шығармашылық ұғымының бұл анықтамасының дәл осы қалпында қабылдануы бастауыш сынып оқушысы үшін келіңкіремейді. Өйткені бастауыш мектеп жасындағы оқушы қоғамдық құны бар өнім жасай алмайды және мұның өзі мектептің міндетіне кірмейді.

Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде (43 қара сөзі) бала өмірге келгендегі қабілеттерін әрі қарай дамытуды, шыңдауды қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын

жазған. Ал назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан.

Бүгінде шығармашылық қабілеттердің дамуы басты нысана болып, ал оқушыда шығармашылық белгілердің болмауы үлкен проблемаға айналып, ойландыруға тиісті кезге жеткен сияқтымыз. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келмек. Тек шығармашылық қана (қандай түрде, қандай деңгейде болмасын) адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып саналатын бастауыш мектептің алар орны ерекше.

Оқушы қандай күрделілікте, қандай көлемде, жаңа ұғымды игерсе де, бұл шығармашылық жұмыс. Бұдан психологиялық көзқарас бойынша оқытудағы шығармашылық процесті субъект үшін бұрын белгісіз болып келген мәселелердің шешімін табу, жаңалық ашу деп түсіндіруге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қабілетті, олардың белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі арқылы көрінеді.

Бейімділік – адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, яғни оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Оқушылардың бейімділіктерін дер кезінде көре біліп, олардың соған сәйкес келетін қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылықтарын ұштау керек.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында іс-әрекеттің нормалары мен үлгілерін қолдануға белгілі уақытта ерік беріледі. Қазіргі мектепке дейінгі кезеңнің оқыту әдістерінің негізгі кемшілігі – оқыту эталондарының жүйесін дайын күйінде ұсынылады. Ол балалардың өз бетінше әрекет етіп, ізденуіне, шығармашылық қабілетін пайдалануына мүмкіншілік бермейді.

Шығармашылық қабілеті бар балалар берілген тапсырманы орындауға тез кірісіп кетеді. Оқушының өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысының бастамасын дамытуға және тежеуге жағдай туғызатын шығармашылықты оқытушы. Жалпы педагогикалық процесте шығармашылық мәселесі маңызды орын алады. Озат ұстаз оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашыл тұлға болып дамиды.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Оқушыларға жан-жақты білім беру, парасаттылық мүмкіндіктерін, жеке бас ерекшеліктерін дамыту үшін оқыту процесінде жан-жақтылау қағидасын басшылыққа ала отырып,

шығармашылықты дамытуға және ұжымдық, әр деңгейде оқыту түрлерін пайдалану оқушы мен оқытушы қызметінің тығыз байланысын тудырады.

Әдебиеттер

1. Орақова А.Ш. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттары: автореферат дис... педагогика ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын / А.Ш. Орақова. – Алматы, 2006. – 27 б.

2. Қабатай Б.Т. Ана тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесі: автореферат дисс... педагогика ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын / Б.Т. Қабатай. – Алматы, 2005. – 29 б.

3. Нағымжанова Қ.М. Креативтіліктің құрылымы мен мазмұны – шығармашылық педагогикалық іс-әрекет негізі / Қ.М. Нағымжанова // Білім берудегі менеджмент. – 2006. – №1. – 76-82 б.

Развитие творческих способностей учащихся начальных классов

А. Хамитова

студент ПМНО-31, Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье показаны пути развития творческих способностей учащихся начальных классов, особенности использования на уроках уровневых заданий. Рассмотрено разностороннее использование на уроках всех методов и приемов обучения.

Ключевые слова: уровневые задания, методы и приемы, творчество, учебная деятельность.

Development of creative abilities of primary school students

A. Khamirova

Student PMNO-31g, Pavlodar State Pedagogical Institute,
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article describes the development of creative abilities of primary school students, especially the use of the lessons of level tasks. Considered different using of the lessons of all the methods and techniques of training.

Keywords: leveled tasks, methods and techniques, creativity, educational activity.

УДК 372.882 (574)

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**З.С. Бакбаева***№18 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
Екібастұз қаласы, Қазақстан**Аңдатпа*

Бұл мақалада оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту туралы баяндалады. Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы туралы берілген. Сәкен Жүнісовтің «Ақырғы бәйге» шығармасын өту барысында «Блум таксономиясының қолданылуы, С. Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасын тапсырмалар арқылы орындау және кейіпкер бейнесіне талдау жасай отырып оқушылардың қиялы мен көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту міндеттерін жүзеге асыру.

Тірек сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, оқушылардың қабілетін дамыту.

«Қоғам неғұрлым танылған сайын, тек өзінің болашағына жақсы ықпал ететін дәстүрлерді ғана сақтап, оларды ұрпақтан – ұрпаққа жауапкершілігін соғұрлым танитын болады. Мектеп – осы мақсатқа жетудегі бірден-бір басты құрал».

Джон Дьюи

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі – ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Қоғам болашағы – жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл- ой, сана-сезім қалыптастыратын білім беру мазмұнын жаңаша құру қажет.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас.

Қазіргі заман талабының өзі оқушыны бірінші орынға қою, яғни мұғалім сабаққа бағыт беруші болып, оқушы өзіндік талдау жасап ізденуші, өздігінен білім

алушы рөлін алады. Осы заманғы білім беру ісінің өзекті мәселесіне оқушыларға түсетін ауыртпалықты жою, олардың бойында оқуға деген қызығушылықты, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыру жатады. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы – ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім – әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады [1, 20-21].

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады.

Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

Кезеңнің мақсаты:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- оқушының белсенділігін ояту.

Оқылатын мәселелер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді, жауап алуға қажетті сұрақтар қояды. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Блум түймедағы», т.б. әдістер жинақталған.

Екінші кезең «Мағынаны тану». Кезеңнің мақсаты:

- жаңа ақпаратпен танысу;
- жаңа ақпараттармен өз білімімен ара – қатынас белгілеу.

Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер: «Жигсо», «Куббизм», «Семантикалық карта», «Концептуалдық кесте», «Ассоциация», «Екі жақты күнделік», «Қосымша журнал» т.б.

Үшінші кезең «Ой толғау». Кезеңнің мақсаты:

- қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.
- оқылған материалды талдау және қорытындылау.
- тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.

Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады. Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады. Өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.

Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады. «Бес жолды өлең, «Еркін жазу, «Эссе, «Венн диаграммасы», «Кейіпкермен сырласу» т.б. әдістер қолданылады [2].

Сабақта тапсырма түрлері неғұрлым күрделенген сайын оқушылардың қызығушылығы арта түседі.

Мысалы, Сәкен Жүнісовтің «Ақырғы бәйге» шығармасын өту барысында «Блум таксономиясының қолданылуы;

Білу: Ас туралы не білесің? Ақан кім?

Түсіну: Күреңбай сыншы: «Апырмай, мақтаса мақтарлық, алдынан аң құтылмас, бойына шаң жұқтырмас, нағыз ауыздығымен құ тістеген жануар екен» – деген жолдарды қалай түсінесің?

Қолдану: Осы әңгіменің маңызы неде? Ат жарыстан қандай әсер алдың?

Талдау: Ақан серінің қайғысын қалай түсінесің? Кімдер жамандық істеді және неліктен деп ойлайсың?

Жинақтау: Әңгімеден қандай ой түйдің? Осы тақырып бойынша эссе жаз.

Бағалау: Бүгінгі таңда осындай адамдар бар ма? Оларға не айтар едің?

Сонымен бірге тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік беретін «Куббизм» әдісін қолдану (Ғ. Мүсіреповтің «Жаңа достар») оқушы қызығушылығын арттыра түседі.

1. Суретте – Қайроштың достарын суретте.

2. Салыстыр – Осы шығармаға ұқсас шығарма, кейіпкер бар ма?

3. Зертте – Ғ. Мүсіреповтың қандай шығармалары бар?

4. Қолдан – Жаңа достардың психологиясын, мінезін суреттеген жерлерін әңгімеден тауып оқы.

5. Талда, қолдан, қарсы шық – Олардың арасындағы достықты қолдайсың ба, әлде қарсысың ба?

Немесе 8-сыныпта Абай Құнанбайұлының «Он жетінші қарасөзін» өткенде «Блум түймедағы» әдісі бойынша сұрақтар құрастырып үйретудің маңызы зор.

1. Қарапайым сұрақ: Ақынның «Он жетінші қарасөзі» не туралы?

2. Нақтылау сұрағы: Қарасөз жазудағы мақсат не дейді Абай?

3. Интерпретациялық /түсіндірме/ сұрақ: неліктен ғылым олардың таласына төреші болады?

4. Шығармашылық сұрақ: Қалай ойлайсың, қазіргі заман адамына қандай қасиеттер тән болуы керек?

5. Бағалау сұрағы: Абай қара сөздерінен қандай тәлімдік ой түйдің?

6. Тәжірибелік сұрақ: Ғылымның айтқан сөзімен келісесің бе, неге?..

Бұл тәрізді жекелей, топта оқушылардың білім деңгейлерін көтеруге ретімен қолданылған тәсілдердің қай-қайсысы болмасын сабақтың сапасын арттырады. С. Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасын өткенде төмендегідей тапсырмалар орындалатыны отырып, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ой түйінін қорытындылап шығаруға машықтандыру, кейіпкер бейнесіне талдау жасай отырып оқушылардың қиялы мен көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту міндеттері жүзеге асырылады.

I кезең Ой қозғау

Бейнебаян көрсету. «Мен анамды сағындым»

Осы бейнебаянмен біз өткен тақырыптың арасында қандай байланыс бар? Бүгінгі әңгіме не туралы болмақ?

II кезең Мағынаны тану


2. Балалардың аянышты тағдырына себеп болған не?

I топ Салыстыру

Бейнебаяндағы
жетімдер

Шығармадағы
жетім бала

II топ Ассоциация


 Бейнебаянда кімдер туралы айтылады?
 Жетімдер деген кім?
 Жетімдер

III топ Композициялық талдау жасау

IV топ Көркемдік ерекшелігіне талдау / теңеу, эпитет, т.б. /

III кезең Ой толғаныс

Топтар бір -біріне әр бөлім бойынша сұрақтар қояды / әр топ 3 сұрақтан/

I топ – Рөлдік ойын. Аянмен танысу сәті

II топ – рөлдік ойын. Аянмен қоштасу

III топ – Ертеде бір жетім бала болыпты... Ертегі құрастыр

IV топ – Аяанның болашақ өмірі. Болжау сурет.

Ой толғаныс кезеңінде «Еркін жазу», «Хат жазу», «Эссе», «Екі жақты күнделік» әдістерін қолдана отырып, әр сабақта жаңа идеялар, талас, пікірлер туғанда өз ұсыныстарын айтып, ой толғайды. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының әдістерін ұтымды пайдаланудың – оқытудың шығармашылық сипатын күшейтуде маңызы зор. Оқушының оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін жандандыра отырып, сөз өнерін түсініп тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болады. Оқушы әрбір шығарманы оқығаннан кейін өз біліміне сараптама жасайды, нені білетінін, нені білмейтінін, болашақта қандай мәселелерді іздену керектігін айқындап отырады. Жазу үшін ой керек, өзіндік түсінік қажет. Жазу ішкі жан дүниесіне үңілу. Сын тұрғысынан ойлаудың басты мақсаты – шәкірттердің ойлау қабілетін дамыту. Бұл ұмтылыс сонымен бірге оларда өзін – өзі тану дағдысын қалыптастырады. Көне қытай данасы Конфуций: «Өзгені таныған адам – дашышпан, ал өзін таныған адам бүкіл әлемді билейді», – деген екен. Ұстаздың мақсаты шәкіртін дамыта отырып, ақыл-ойын кеңейтіп, өздігінен білім алу жолдарын, әдіс-тәсілдерін үйрету. Нәтижесінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеті артады. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемасын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты қазіргі заманғы мұғалімге жұмысындағы нәтижесінің сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыруда талмай іздену мен жаңалықтан қалмау.

Қорыта келгенде жаңа білім беретін мектеп ұстаздарының алдындағы ең биік меже – әр пәннің өз мазмұнынан туындайтын сан алуан әмбебап тәсілдерді рет-ретімен жүйелеп шәкіртінің санасына ұмытылмастай етіп сіндіру. Сонымен қатар жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану мұғалімге оқу процесінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны есепке ала отырып дамытуға толық жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Сиқымбекова Н. М. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары / Н.М. Сиқымбекова // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде = Казахский язык в казахстанской школе. – 2009. – №5. – 35-37 б.

2. Тілеуова С.С. Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін анықтау және оны дамыту жолдары / С.С. Тілеуова // Ұлағат. – 2011. – №1. – 37-45 б.
3. Сейтқожаева Ә. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырудың тиімді / Ә. Сейтқожаева // Педагогикалық кеңес = Педагогический совет. – 2012. – №1. – 8-10 б.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2014.

***Развитие творческих способностей школьников
с обучением критического мышления***

З.С. Бакбаева
учитель казахского языка и литературы, №18 СОШ
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

Аннотация

В данной статье говорится о развитии творческих способностей учащихся через критическое мышление. Одна из технологий, применяемых в целях повышения интереса к предмету – технология критического мышления. В ходе чтения произведения Сакена Жунусова «Ақырғы бәйге» использована технология блум таксономии, также дано задание по произведению С. Муратбекова «Жусан иісі» выполнить и проанализировать образ героя, осуществить задачи развития речевых способностей и воображения учащихся.

Ключевые слова: критическое мышление, урок, творческие способности учащихся.

Development of creative abilities of students with learning critical thinking

Z.S. Bakbaeva
Teacher of Kazakh language and literature, secondary school №18
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

Summary

This article speaks about the development of creative abilities of students through critical thinking. One of the technologies used in order to increase interest in the subject is the technology of critical thinking. In the course of reading works Saken Zhunusova «Ақырғы бәйге» technology used Bloom taxonomy, also given the task of product S. Muratbekova «Жусан иісі» to perform and analyze the image of the hero, to implement the task of speech abilities and imagination of students.

Keywords: critical thinking, lesson, creative abilities of studen.

УДК 376.1

INCLUSIVE EDUCATION: MONITORING OF NEEDS
AND METHODOLOGY OF ITS IMPLEMENTATION INTO PRACTICE
OF EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Z.K. Kulsharipova

*Ph.D., Associate Professor of Pavlodar state pedagogical institute,
Pavlodar, Kazakhstan*

A.Zh. Aplashova

*Ph.D., Associate Professor of Pavlodar state pedagogical institute,
Pavlodar, Kazakhstan*

A.E. Mandaeva

*the teacher of the Department of Pedagogics,
Pavlodar, Kazakhstan*

Zh.T. Kenzhebaeva

*Master student of Innovative University of Euroasia,
Pavlodar, Kazakhstan*

Annotation

One of priority directions of the state program of education development of the Republic of Kazakhstan of the years 2011–2020 is the development of inclusive education: the implementation of equal rights of children with disabilities to receive quality education.

In the present inclusive education in Kazakhstan is an important part of the system of general secondary education, and our government has set new conditions for persons with special educational needs, providing them with equal educational opportunities in the social learning process. It is known that the laws of the Republic of Kazakhstan in accordance with the fundamental international instruments in the field of education provides for the implementation of the principle of equal rights to education for persons with disabilities.

Keywords: inclusive education model of specialist training for inclusive education, modular program.

At present psychological and pedagogical science and its paradigms, integrate openness and flexibility educational space, which leads to the terms of use of innovative

models and technologies and inclusive education. This leads our researchers (scientists, graduate students and students) of different levels to ensure that the professional characteristics of the current educational psychologist must be changed to modern and relevant form of activity of the given direction – inclusive education.

At the same time, the social order of Kazakh society and the state, facing the higher pedagogical education. Moreover, this call is expressed in the form of the development of new requirements for the training of educational psychologists in the direction of inclusive education. It is possible that these requirements should be focused on innovative changes in integral characteristics and indicators of the level of qualification of teachers, psychologists, including their professional commitment to the new processes. In this aspect became topical questions of formation of readiness of psychological – pedagogical personnel involved in the educational institutions in order to implement inclusive education, adequate to the needs of disabled children.

And today is particularly important problem of formation of professional readiness of teachers – psychologists for the implementation of inclusive education in the practice of educational institutions.

Nevertheless, Kazakhstani education has the experience quickly respond to different kinds of innovations and therefore in the strategic plans of the state program clearly marked with the mechanisms of inclusion of children with disabilities into the educational process, defines the conditions for them to provide an accessible environment. Empirical studies have shown that according to the documents, in 2020 70% of secondary schools should be create conditions for inclusive education and, therefore, demanded to training and retraining of teachers, educational psychologists of schools in general.

However, this situation does not relieve us to study these aspects and bring to the consciousness of future specialists of pedagogical universities that have meaningful direction complexity of solving this problem.

The problem is a significant component of training of future specialists to the implementation of the state program of development of inclusive education in Kazakhstan.

This shows a real lack of conditionality in the university training of educational psychologists to inclusive education.

The problem is formulated as follows: what are the psycho-pedagogical conditions and methodology of formation of professional readiness of the future teachers-psychologists to implement inclusive education programs.

To assess the level of formation of motivational component of future specialists was conducted procedure K. Zamfir in the modification A.A. Reana.

On the basis of these results has been identified motivational complex personality – a ratio between the three types of motivation: intrinsic motivation (IM), external positive motivation (ILM), and external negative motivation (PTO) (Tab. 1).

Table 1 – Motivational complex of personality

	Components	Characteristics
1	WMC	High motivation complex (VM> VPM> PTO) – is characterized by a clear understanding of the importance and role of the future educational activities, the desire to achieve it some positive results.
2	OMC	The optimal (low) motivational complex (BM ILM => PTO) is characterize by the satisfaction of the teacher of the future profession.
3	NMK	Low motivation is a complex type of PTO> VPM> BM, characterized by a predominance of the desire of censure, intolerance of internal instability.

To determine the level of cognitive component tests were conduct in the course of training of future specialists (Tab. 2).

Table 2 – Formula of determining the level of cognitive component

$N = k_1/k$, where N – the coefficient of the level of formation of the cognitive component k – total number of jobs, k_1 – the number of correctly executed tasks.	The low level of cognitive component is characterize by the ability to reproduce knowledge on reproductive rate.
	The average level of cognitive component is characterize by the ability to translate from one situation to another area of expertise.
	A high level of cognitive component is characterized by meaningful possession terminology, large-volume, deep, meaningful, orderly, structured knowledge in the field of professional activity.

To quantify the creative component of the test was conducted «Creativity» N.F. Vishnyakova, which allowed us to determine the level of creative inclinations of the individual and build a psychological profile of creative, reflecting creative component of the image of «I – the real» and the idea of the image of «I – perfect». A comparison of two images of creativity «I – a real» and «I – ideal» helped define the creative reserve and creative potential of future specialists.

Test «Creativity» includes the following features: Creative Thinking (TM), curiosity (L), originality (O), imagination (B), intuition (I), emotion (E), humor (Chew), a creative attitude to the profession (MOT).

In order to assess the activity component of the readiness of the future professionals to work in conditions of inclusive education studies were conduct using modified scales K.E. Romanova for full disclosure of the purposes of this study.

To determine the level of readiness of the future teachers – psychologists to work with students in the conditions of inclusive education have been develop following criteria (Tab. 3):

Table 3 – The criteria for level of readiness

Level 4	Highest is achieve by formation of the component 76 to 100%;
Level 3	Above the average is achieved with formation of a component from 51 to 75%;
Level 2	Intermediate is achieve with formation of a component from 26 to 50%;
Level 1	Low levels is achieve with formation of a component from 0 to 25%

К третьему выше среднему уровню относятся педагоги-психологи, у которых большинство компонентов сформированы на: Future teachers – psychologists believe have reached a higher level four: if at least three of the four component 4 are formed on the top level and the third remaining. If the at least one component is located on the second or first level, the educational psychologist can be attributed only to the second average. At level 3 and above-average level, and the other at the top. If two or more components are formed on the first lower level, the future expert is only the first level.

Second average level include those in which the majority of components are form on the two average levels. Table 4 presents the totals components that determine the readiness of future professionals to work with students in the conditions of inclusive education in the control (K.gr.) and the experimental group (E.gr.), it expressed as a percentage.

Table 4 – Levels of formation of readiness of the future teacher -psephology to work with students in the conditions of inclusive education

Diagnosis of components of readiness of the future teachers to work in conditions of inclusive education	Level 1, the lowest %		Level 2, the lowest %		Level 3, the lowest %		Level 4, the lowest %	
	K.gr.	E.gr.	K.gr.	E.gr.	K.gr.	E.gr.	K.gr.	E.gr.
Motivational component	30	–	40	10	20	20	10	70
The cognitive component	25	–	65	20	5	30	5	50
Creative component	30	–	30	20	30	40	10	40
The activity component	50	–	25	–	25	35	–	65

The results of the pedagogical experiment suggest that by the end of training students in the experimental group the components of readiness of the future expert to work with students in the conditions of inclusive education are form on the third and fourth levels (Figure 1).

For example: students eq. Groups of 75% and 20% respectively, while the control group remained the majority of the second and third levels – 20% and 65%, respectively, students.




Fig. 1. The levels of readiness of the future experts to work with students in the conditions of inclusive education

Thus, the results support the hypothesis of pedagogical experiment and research show the feasibility of implementing the proposed model of training of the future teacher-psychologist to work in conditions of inclusive education.

References

1. *Improving Education. The Promise of Inclusive Schools. The US National Institute on city education improvement. Handbook. Retrieved from the web-site <http://perspectiva-inva.ru>*
2. Sue Stubbs, *Inclusive Education Where There are few resources. Textbook. Oslo, 2002.*
3. *National programme of Republic of Kazakhstan in education system development for 2011–2020 // Kazakhstanskaya Pravda. – 2010. – 14 December 14.*
4. Artemyeva, M. S. (2004). *Integririvannoye obucheniye: realii i perspektivy. Otchet o rezultatakh sotsiologicheskogo issledovaniya sredi predstaviteley vseobyemlyushchey shkoly v Chelyabinske [Integrated education: realia and perspectives. Report on the results of sociological research among comprehensive school representatives in Chelyabinsk]. Chelyabinsk, Russia: Abris.*
5. Belopolskaya, N. L. (2001). *Problemy psikhologicheskogo konsultirovaniyadetey s ogranichennymi vozmozhnostyami [Problems of psychological consulting of the children with disabilities]. St. Petersburg, Russia: Piter.*
6. *Government of the Republic of Kazakhstan. (2011). Postanovleniye Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 19 fevralya 2011 № 160 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 19th February 2011 No. 160]. Ukazom Kolleksiya Prezidenta i Pravitelstva № 20 [Decree Collection of the President and Government No.20]. Astana, Kazakhstan: Author.*

***Инклюзивное образование: мониторинг потребностей
и методология внедрения в практику образовательных учреждений***

З.К. Кульшарипова

кандидат педагогических наук, доцент кафедры психологии

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

А.Ж. Аплашова

кандидат психологических наук, доцент кафедры психологии

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

А.Е. Мандаева

преподаватель кафедры педагогики

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

Ж.Т. Кенжебаева

магистрант Инновационного Евразийского Университета, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

Одним из приоритетных направлений государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы является развитие системы инклюзивного образования: реализация равных прав детей с ограниченными возможностями на получение качественного образования. В настоящем инклюзивное образование в Казахстане является немаловажной частью системы общего среднего образования, и наше государство уже определяет новые условия для лиц, имеющих специальные образовательные потребности, обеспечивающие им равные образовательные социальные возможности в процессе обучения.

Известно, что законодательством Республики Казахстан в соответствии с основополагающими международными документами в области образования предусматривается реализация принципа равных прав на образование для лиц с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, модель подготовки специалиста к инклюзивному образованию, модульная программа.

***Инклюзивті білім беру: Қажеттілік мониторингы
және білім беру мекемелердің тәжірибесіне еңгізу әдіснамасы***

З.К. Кульшарипова

Педагогикалық ғылымдарының кандидаты наук, психология кафедрасының доценті

